

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының
2022 жылғы «27» қазандағы
отырысының № 59/22 хаттамасына
№ 11 қосымшасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ дивидендтік саясаты

Астана 2022

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – Қоғам) дивидендтік саясаты (бұдан әрі – Дивидендтік саясат) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Қоғамның қаржылық стратегиясына және өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

1.2. Дивидендтік саясаттың мақсаты – Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғам дивидендтерінің мөлшеріне қатысты ұсынымдар әзірлеу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету.

1.3. Дивидендтік саясаттың міндеттері – барлық мүдделі тараптардың құқықтарын өзара сақтай отырып, акционерлердің, кредиторлардың және Қоғамның мүдделерін оңтайлы үйлестіру, сондай-ақ Қоғамның капиталдануы мен инвестициялық тартымдылығын арттыру қажеттілігі.

1.4. Осы Дивидендтік саясаттың негізгі принциптері:

- Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- Қоғамның операциялық қызметі мен инвестициялық жобаларының қаржыландырылуын қамтамасыз ету;
- Қоғамның қаржылық тұрақтылығын және инвестициялық деңгейдің кредиттік рейтингтерін сақтау;

1.5. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

2. Қысқартулар мен анықтамалар

Акция – акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд алу және қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқықтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;

Дивиденд – акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша акционерлік қоғам төлейтін кірісі;

ХҚЕС – халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттары;

Қоғам – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Акционерлердің жалпы жиналысы – Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы;

Жалпы борыш – облигациялар плюс қарыздар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді);

Бос ақша ағыны – Қоғамның операциялық қызметтен шоғырландырылған ақша ағыны (бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтерді қоса алғанда, бірақ мұнайды жеткізгені үшін алынған аванстар бөлігінде айналым капиталындағы таза өзгерістерді қоспағанда) минус негізгі құралдарды сатып алу (негізгі құралдар үшін аванстар деп аталады) минус материалдық емес активтерді сатып алу минус кен орнын игеру бойынша активтерді сатып алу минус есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері бойынша еншілес ұйымдағы/бірлескен кәсіпорындағы үлесті сатып алу плюс еншілес/бірлескен/қауымдастырылған кәсіпорынға қатысу үлестерін сатудан (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 және 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулыларымен бекітілген тізбелер бойынша Қоғамның активтерін бәсекелес ортаға беруден түскен қаражатты қоспағанда) түскен қаражат;

Директорлар кеңесі – Қоғамның Директорлар кеңесі;

Таза борыш – Жалпы қарыз минус ақша қаражаты мен оның баламалары минус банктік салымдар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді).

EBITDA – түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың (тозу мен амортизацияны қоспағанда) өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығыстар (тозу мен амортизацияны қоспағанда) минус тасымалдау және сату (тозу мен амортизацияны қоспағанда) шығыстары минус табыс салығынан бөлек салықтар.

3. Дивиденд төлеудің негізгі шарттары

3.1. Дивиденд төлеудің негізгі шарттары:

- Қоғамның есепті кезеңдегі шоғырландырылған таза табысының не есепті кезеңнің соңындағы бөлінбеген пайдасының болуы;
- осы Дивидендтік саясаттың ережелерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген дивиденд есептеу мен төлеуге шектеулердің болмауы;
- Қоғамның тиісті кезеңге арналған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу;
- акционерлердің жалпы жиналысының шешімі.

3.2. Қоғамның орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялары бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Акционерлердің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

3.3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд есептеу мен төлеуге жол берілмейді:

- Қоғамның меншікті капиталының мөлшері теріс болса немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның жай акциялары бойынша дивиденд есептеу нәтижесінде теріс болса;
- егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не мұндай белгілер Қоғамда оның жай акциялары бойынша дивиденд есептеу нәтижесінде пайда болса;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

4. Дивиденд мөлшерін айқындау тәртібі

4.1. Директорлар кеңесі дивидендтердің ұсынылатын мөлшерін айқындау кезінде өзі қажет деп санайтын кез келген факторларды, оқиғалар мен іс-қимылдарды қоса алғанда, мыналарды, бірақ аталғандармен шектелмей, ескеруге құқылы:

- Қоғамның болашақта күрделі салымдар мен инвестициялық жобаларға шығындарын қаржыландыруға қажеттілігі;
- борышқа қызмет көрсету қажеттілігі;
- қаржылық орнықтылықты және инвестициялық деңгейдің кредиттік рейтингтерін сақтау үшін ақша қаражатының жеткілікті деңгейін ұстап тұру қажеттілігі;
- және тағы басқалары.

4.2. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына өткен қаржы жылындағы шоғырландырылған бос ақша ағыны негізінде есептелген Қоғамның шоғырландырылған таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивидендтер мөлшері туралы ұсыныс береді.

4.3. Директорлар кеңесі дивидендтер көлеміне қатысты ұсынымдарды қалыптастыру кезінде EBITDA-ға қатысты Таза борыш көрсеткішімен анықталатын Қоғамның борыштық жүктеме деңгейін ескереді.

4.4. Компания келесі дивидендтердің мөлшерінің төленуін қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерін салады:

- a. EBITDA-ға қатысты Таза борыштың көрсеткіші 1-ден аз немесе тең болса, онда Бос ақша ағынының 50% кем емес;
- b. EBITDA-ға қатысты Таза борыштың көрсеткіші 1,0 жоғары, бірақ 1,5-нан аз немесе тең болса, онда Бос ақша ағынының 40% кем емес;
- c. EBITDA-ға қатысты Таза борыштың көрсеткіші 1,5 жоғары, бірақ 2,0-ден аз немесе тең болса, онда Бос ақша ағынының 30% кем емес;

- d. егер EBITDA-ға қатысты Таза борыштың 2,0 жоғары болса, онда төлем пайызы Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

4.5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 және 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулыларымен бекітілген тізбелер бойынша Қоғам активтерін бәсекелес ортаға беруден түскен қаражат, егер мұндай қаражат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілмесе, осындай түсімдердің кемінде 50% мөлшерінде дивиденд түрінде бөлінуге жатады.

4.6. Қоғамның бос ақша ағыны, Жалпы борыш, Таза борыш және EBITDA ҚЕХС-ке сәйкес дайындалған Қоғамның шоғырландырылған қаржылық есептілігінің деректері негізге алына отырып есептеледі.

4.7. Бір жай акцияға арналған дивидендтің мөлшері оны алуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күнгі Қоғамның орналастырылған және айналыстағы жай акцияларының санына бөлінген жай акциялар бойынша дивидендтерге жіберілетін сома негізге алына отырып айқындалады.

4.8. Акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) күн ішінде Қоғамның Жарғысында айқындалған бұқаралық ақпарат құралдарында, Қоғамның корпоративтік веб-сайтында, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздары айналыста болатын қор биржасының талаптарында белгіленген өзге де тәсілдермен міндетті түрде жариялай отырып, Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

5. Дивидендтер төлеу тәртібі

5.1. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда Қоғамның ақшасымен немесе бағалы қағаздарымен төленеді.

Тоқсанның, жартыжылдықтың немесе жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу тиісті кезең үшін Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады.

5.2. Дивиденд төлеудің басым нысаны – ақшалай нысан.

5.3. Акционерлердің жазбаша келісімі болып, Қоғамның жарияланған акцияларымен және (немесе) ол шығарған облигациялармен төленген жағдайда ғана Қоғамның акциялары бойынша дивидендті Қоғамның бағалы қағаздарымен төлеуге жол беріледі.

5.4. Қоғамның дивиденд төлеу есебіне берілетін бағалы қағазының құны АIX және KASE биржаларында осы бағаны белгілеу күнінің алдындағы соңғы алты айда жасалған мәмілелер негізінде есептелген орташа өлшемді баға ретінде айқындалады.

5.5. Бағалы қағаздарға меншік құқығының ауысуы Қоғамның тіркеушісіне (немесе номиналды ұстаушыға) Қоғамның бағалы қағаздарын есептен шығаруға және есепке алуға қарсы бұйрықтар беру арқылы жүзеге асырылады: Қоғам бағалы қағаздарды өз шотынан есептен шығаруға, ал акционер – бағалы қағаздарды өз шотына есепке алуға бұйрық береді.

5.6. Дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивиденд төлеу басталған күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.

5.7. Төленбеген дивиденді бар жай акцияларды иеліктен шығару, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) жай акцияларды иеліктен шығару туралы шартта өзгеше көзделмесе, жай акцияның жаңа меншік иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

5.8. Дивидендтер акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімімен белгіленген тәртіппен және мерзімде төленеді.

5.9. Қоғамның акциялары бойынша дивиденд төлеу төлем агенті арқылы жүргізілуі мүмкін. Төлем агентінің қызметтеріне ақы төлеу Қоғам есебінен жүргізіледі.

5.10. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында, Қоғамның корпоративтік веб-сайтында, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздары айналысқа түсетін қор биржасының талаптарында белгіленген өзге де тәсілдермен жариялануға тиіс.

5.11. Қоғамның акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешімде мынадай мәлімет болуға тиіс:

- Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- дивиденд төленетін кезең;
- бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- дивиденд төлеу басталатын күн;
- дивиденд төлеу тәртібі мен нысаны;
- төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде).

5.12. Дивиденд төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және Акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімінде белгіленген мерзімде, акционердің өзекті деректемелері туралы мәлімет болған кезде жүзеге асырылуға тиіс.

5.13. Қоғамда немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәлімет болмаған жағдайда, Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған орталық депозитарийде ашылған шотқа жүзеге асырылуға тиіс.

5.14. Қоғам дивиденд төлеуді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен, оның ішінде талап етілмеген дивидендтерді орталық депозитарийге немесе нотариустың шотына аудару арқылы жүзеге асыруға құқылы.

5.15. Қоғам Қоғам акционерлеріне дивидендтердің уақтылы және толық төленуін қамтамасыз етеді.

5.16. Дивидендтік саясаттың 3.3-тармағының негіздері бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, Акционер Қоғам берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.

Дивиденд төлеу үшін белгіленген мерзімде дивиденд төленбеген жағдайда, акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және өсімпұл төленеді, өсімпұл ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық ставкасы негізге алына отырып есептеледі.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Қоғам өзінің дивидендтік саясатын мезгіл-мезгіл қайта қарау құқығын өзіне қалдырады.

6.2. Дивидендтік саясатта реттелмеген мәселелер Қоғамның Жарғысымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

6.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасының өзгеруі нәтижесінде осы Дивидендтік саясаттың жекелеген ережелері оған қайшы келсе, бұл ережелер күшін жояды және осы Дивидендтік саясатқа өзгерістер енгізілген кезге дейін Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын басшылыққа алады.